

егемен

Акылбеков

Балуан Шолақ – Ғалия

(дастаннан үзінді)

Қараөткел. Есіл өзен оң жағасы,
Қайнаған қара базар мол бағасы.
Қалықтап көк аспанды бір ән кетті,
Қырандай сыпсырылған томағасы.
Құлдилап құлаған кез күн бесінге,
Есілдің салқын самал бір кешінде.
Әп-сәтте алты қанат тігіліпті,
Ақбоз үй – қара базар іргесінде.
Қалың ел ақбоз үйдің іші-сырты,
Ән мен күй, салт пен дәстүр, әдет-ғұрпы.
Бұзықты, қасқунемді жолатпайды,
Бұзылып кетпесін деп кештің шыркы.
Ғалия қымызышы қыз базардағы,
Келгендей күткен бақыт, өз арманы.
Ұнады Балуанға бір көргеннен,
Әйелдің кезіксе де гөзалдары.
Әйелдің кезіксе де сұлулары,
Балуан біреуіне бұрылмады.
Тандауы тек осы бір Ғалияжан,
Шыққанша қалған жерде шыбын жаны.
Көргеннен Ғалияны шын ынтыққан.
Азабын, жүректегі мұнын да үққан.
Күйеуі арқасына қамшы ойнатып,

Аруды тұнде үйінен қуып шыққан.

Азабы күйеуінің жанға батып,

Киналды қу тағдырдың дәмін татып.

Ақыры төркіннен де тұрақ таппай,

Базарға шығып кетті, қымыз сатып.

Жұп болмай, хас тірлікте қасаң жатып,

Әйелге қонған дейсің қашан бақыт?!

Күйеуі келіп-кетіп жүреді екен,

Қамшысын анда-санда шошаңдатып.

Бойында болғаннан соң алуан желік,

Базарға нөкерімен Балуан келіп.

Ән салды әуелетіп кешке дейін,

Тыңдады Ғалия да жанына келіп.

Сол жерде Балуанның тұсті көзі,

Ұнады бірден оған іс-мінезі.

Оңтайын тауып сөйлей білген жанға

Оңалып кете берер істің өзі.

Үстінде қара бешпент, қызыл ішік,

Балуан кетіп журді, қымыз ішіп.

Кім ғашық осындаиды болмас дейсің,

Жігітке өзі - өжет, Сөзі – пысық.

Ғалия сар қымызды сапырады,

«Кел, кел», – деп дәм татуға шақырады.

Қасында өнер сүйген өңшең сері,

Қызыққа қалың елді батырады.

Коршап ап, тұған-түсіс, танығандар,

Серінің дәл қазіргі халін аңғар.

Қолында – Үкілеген домбырасы,

Қасында – Қажымұқандай балуан бар.

Құр қалмай елдің әзіл-оспағынан,

Қалжының қосып отыр қос балуан.

Өтеді қара нөсер төгіп-төгіп,

Қою бұлт Ақмоланың аспанынан.

Қоңыр ән қою бұлтпен араласып,

Сарыарқа сауырынан барады асып.

Сайларға – сайын белге таратады,

Самал жел әсем әнді ала қашып.

« – Ғалия, айым да сен, күнім де сен,

Тартады оң қабағым күлімдесең...

Әзірге байың басқа болғанменен,

Менікі боласың ғой, тұбінде сен... »

Бұл сөзді айтқанменен әзіл қылыш,

Кім сезер ән-әуеннің сазын біліп.

Қалың ел қауіптенді Қүйеуінен,

Тап келіп, Кете ме деп жазым қылыш.

Осы сөз орайлы емес наз етерге,

Жарамас отырысты мәз етерге.

Сынатып алмақ болыш Ғалияны,

Қарады «бұл қалай?!» деп Қажекене.

Айтуға келген адам ақ тілекті,

Қажекен осы арада қатты кетті:

– Болғанда өзің қыран, дәл мынадай,

Қарғаны қайдан іздел таптың! – депті,

– Серінің осы ма еді, мақтанары,

Көрмедім көркемінді тапқан әлі.

Қаз емес, акқу емес, Қайдағы бір,

Келіпсің қасыңа ертіп қап-қараны.

Шолақтың болғанымен шабытты әні,

Әр сөзін отыр еді бағып тағы.

«Күйеуі бар» дегенді естіген соң

Осы еді Қажекенің қағытқаны.

Бұл сөзге қалды Шолақ сәл шамданып,

Бір жағы айтқанына аң-таң қалып.

– Сарыға жаның құмар болғаннан соң...

Демегін Қажекен де қалды аңғарып.

Сонда да Шолақ сөзден тайынбады.

Көп сырды Ғалияның жайындағы,

Жинақтап жүрегінде жүрген түйіп,

Былайша жауап беріп, пайымдады.

– Қажеке, іні тыңдал, аға мақтап,

Отырса осы отырыс қандай жақсы-ақ.

Көзіңе дәл осылай көрінгенмен,

Ғалия саған – қара, Маған – әппақ.

Білген жан Бұл сөзімді бағамдар ма,

Беретін тағы басқа бағаң бар ма?

Анықтап мен сияқты қарасаңшы,
Ғалия маған – акқу, Саған – қарға.
Деменіз, тартсам азап, мұны кінә,
Шым баттым, ку тағдырдың шылығына.
Керегі түрі де емес, сұры да емес,
Ғашықпyn Ғалияның қылышына!
Қажекен Өзі тектес дархан ерді,
Құшақтап бауырына тарта берді...
Ән кетті «Ғалиялап» бебеу қағып,
Аралап, сайын дала, арқа-белді.

* * *

Қазақтың болғанменен даласы кен,
Тықсырып бара жатыр қаласымен.
Ақмола түрмесінде жатыр Шолак,
Сотталып, сексен өгіз жаласымен.
Жігіт ол өр кеуделі – кемел, ерек.
Әткенге өлең-жыры өнеге боп.
Сексен қыз ертті десе, Сенер едім,
Серіге сексен өгіз неме керек?!

Ғалия қолға қонған бұлбұл құсы
Бәрі де ән әсері, жырдың күші.
Бір шайқап – Ғалиямен журу үшін,
Дүние-ай, Келді ме екен пұл қылғысы...
Тергеуші дұрыстап бір тергеп пе екен,
Балуан әлдекімге ермек пе екен?!

Төреден сексен өгіз тартып алып,
Жарлы мен жақыбайға бермек пе екен?
Сегіз ай тор-темірге телміргелі,
Серінің хал-жағдайын ел білмеді.
– Керегі ақша болса бізден алсын,
– Деп біраз елдің іші бір дүрледі.
Жатпады жайға қарап Шолақ тағы,
Қалың ел – қара халық қол артқаны.
Тұрменің қакпасына талай келген,
Қам-көңіл Ғалияны жолатпады.
Ішінен мұны сезген Балуан Шолақ,
Жан емес, әнге – кедей, сөзге – олақ.
Тұндігін тас тұрменің желкілдетті,
Ән салып, күні-түні «Ғалиялап».
– ... Жатырмын Ақмоланың тұрмесінде,
Ел-жұртым ақтығымды білмесін бе?..
Тындауды осынау әнді Ғалия да,
Тұрменің тұрып алып іргесінде.
Дүрлігіп тұрмедегі өңшең шенді,
Зіркілдеп, Балуанға талай төнді.
Қапаста отырғандар кемсөң қағып,
Деп жатыр: – Шын ғашық қой, қайтсін енді!
Атойлап кеудесінде ой –дөнені,
Туласа, Шолақ кімге бой береді.
Күні-түн «Ғалияның» зарын айтса,

Тіл қатып, Ешкім батып, «қой» демеді.

Ғалия! Ғалия – деп бір үн кетті,

Бұндай ән тербетпеген бұрын көкті.

Жұлқылап, есік пенен терезені,

Тұрменің темір торын дірілдettі.

Бұл әуен тас тұрмені тесіп өтіп,

Таңғалтып Қараоткелді Есіл өтіп,

Тұрменің басшылары тағат таппай,

Жан-жакқа хабарлапты есі кетіп.

Даярлап, келген болып, ат-көлікті,

Талайлар қолда барын қақ бөліпті.

Бұл бірақ, Бұйрық та емес, Билік те емес,

Қызынан жандаралдың хат келіпті.

Қызы бар жандаралдың тегі мықты,

Өтініп, жыламай-ақ егіліпті.

Хатында: – Балуанды босатындар,

Мен өзім кепіл болам... делініпті.

Дос қайдан, деменіз тек, дүшпан қайдан,

Құтылып кетер болса ұсталмай жан.

Тұрменің бастығына мына хабар,

Кем болмай, тас төбеден түскен жайдан.

Басшылар ақылдасып неше күнге,

Дұрыстап ұйықтай алмай төсегінде.

Ақыры Балуанды босатыпты,

«Тұрмеден қашып кеткен...» есебінде.

Тұрмеден босаған соң бір ән ғажап,

Кияға қаққандай-ақ қыран қанат.

Батыры аман-есен оралған соң,

Жатыр ел «Ғалиялап» ұрандап-ақ.

Біледі сүйген жүрек сағына да,

Ол енді өз еркіне бағына ма?!

Айтады ән, онан сайын үдемелеп,

Қайтадан қауышқан соң – Ғалияға.

Аптығып, Айтқан әнін үдеткені,

Оты ғой сағыныштың жүректегі.

Есілдің толқынына тоғысқандай,

Ел-жүрттың көз жасы мен тілектері...

Серік Тұрғынбекұлы